

Ауыратындарды кеңес алуға, тексерілуге және республикалық емдеу-сауықтыру орталықтарына жолдау Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімиятының 2005 жылғы 21 ақпандағы N 80 қаулысы. Маңғыстау облыстық Әділет Департаментінде 2005 жылғы 16 наурызда N 1871 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2011 жылғы 28 наурыздағы № 78 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2011.03.28 № 78 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылдың 23 қаңтардағы N 148 , "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" 1997 жылғы 19 мамырдағы N 111 Заңдарына сәйкес, және жоғарғы білікті тексерілу мен кеңес алуды қажет ететін ауруларға әлеуметтік көмек көрсету мақсатында, облыс әкімияты **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І** :

1. Маңғыстау облысында тұратын, Қазақстан Республикасындағы туберкулезбен ауыратын азаматтарды кеңес алуға, тексеруге және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігінің емдеу-сауықтыру орталықтарына жолдау Ережелері бекітілсін (қосымша).

2. Маңғыстау облысының қаржы департаменті ауыратындардың (алып жүретіндер) жол ақысын төлеу үшін Маңғыстау облысының денсаулық сақтау департаментін уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау департаменті (А.Ғ.Төлеғалиева) бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.К.Тұрысбековке жүктелсін.

Облыс әкімі

Маңғыстау облысы әкімиятының
2005 жылғы 21 ақпанда
N 80 қаулысымен бекітілген
қосымша

Маңғыстау облысында тұратын, Қазақстан Республикасының ауру азаматтарын кеңес алуға, тексерілуге және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігінің республикалық

емдеу-сауықтыру орталықтарына жолдау ЕРЕЖЕСІ

1. Ауруларды жолдау

1. Олардың қай жерде орналасқанына қарамастан, Республикалық емдеу-сауықтыру орталықтарына, ғылыми-зерттеу институттарына (бұдан әрі - клиникалар) жолдауға Маңғыстау облысында тұратын, облыстың ірі емдеу-сауықтыру кәсіпорындары мен ұйымдарында оларға қатысты қолданылуға рұқсат етілген барлық және қазіргі диагностикалаудың әдістері мен емдеулері жүргізілген, Қазақстан Республикасының азаматтары жатады. Жергілікті емдеу-сауықтыру орталықтарының санаттарына: диагностикалау орталықтар, облыстық және көп бағдарлы мен арнайы қалалық кәсіпорындар мен мекемелер ж а т а д ы .

2. Өткір жұқпалы сырқаттармен ауыратын, автөкөлікпен жүруді көтере алмайтын аурулар клиникаларға жолдауға жатпайды. Туберкулезбен, жыныстық жолмен жұғатын жұқпалы сырқаттар мен ЖҚТБ-мен ауыратындар жалпысоматикалық клиникаларға жолданбайды.

3. I-II топты мүгедектер, әсіресе медициналық қызметкер алып жүретін болса, қабылдайтын клиниканың келісімімен жолдануы мүмкін.

Клиникаларға жолдама алған ауруларда өзімен бірге мынандай құжаттар болу қ а ж е т :

1) Маңғыстау облысы денсаулық сақтау департаментінің жолдамасы;

2) ауру тарихынан үзінді көшірме /амбулаторлық картасынан/;

3) зерттеулердің нәтижелері

4) жеке куәлік (паспорт)

5) еңбекке жарамсыздық бетшесі

6) ж о л қ ұ ж а т т а р ы

7) басқа да (мысалы кәсіби патологияны, еңбек шарттарының санитарлық - тазалық мінездемесін анықтауға жолданатын азаматтар үшін) құжаттар

8) С Т Н

9) аурудың банкідегі жеке шотының нөмірі

10) медициналық санитарлық сараптама Комиссияның (МССК)

қ о р ы т ы н д ы с ы .

Жолдамада мыналар айқын болуға тиіс: жолдаудың мақсаты, клиниканың атауы, жол ақысын қаржыландыру мәселелері, ауруды емдеу мен орналастыру мәселелері шешіліп, алып жүру қажеттілігі көрсетілуі қажет.

Ауру тарихынан үзінді көшірмеде (амбулаторлық картасынан) аурудың

қозғалыс ағыны жөнінде толықтай мәліметтер, клиникалық байқаулардың ерекшеліктері, айқын еместігі, қиындығы, зерттеулердің нәтижелері, кеңес берген барлық мамандардың қорытындылары көрсетіледі.

Жергілікті медициналық ұйымдардың мүмкіндіктері ескеріліп, диагностикалық зерттеулер кешені толық болуы қажет. Диагностикалық зерттеулердің көлемі нозологиялық нысанына байланысты және ауруларды жоспармен жолдау кезінде кеңейтілуі мүмкін.

Ауруларды шұғыл көрсеткіштер бойынша жіберу жағдайын зерттеулердің көлемі белгіленген сырқат аясының шегінде болу мүмкін.

4. Ауруды клиникаға салып емдеу мәселесін тездету мен шапшаңдату үшін облыстың денсаулық сақтау департаменті алдын ала республикалық клиникаларға өтінішін жолдауға хақылы.

5. Ауруды таяу және шет елдердегі клиникаларда және ғылыми-зерттеу институттарында емдеу қажет болған жағдайда, облыстың денсаулық сақтау департаменті ерекше жағдайларда, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігіне өтініш жолдай алады. Бұл жағдайда шығындарды Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігі көтереді.

6. Бет сүйегінің туа біткен ақауымен ("қоян жырық", "қасқыр танау") ауыратын балаларға мамандандырылған көмек көрсету үшін, қайтадан жасалынатын операцияларды жасау үшін Алматы қаласындағы N 5 қалалық емханалық ауруханаға, жақ-бет хирургиясы бөліміне жолданады.

2. Аурудың және оны алып жүрушінің жол ақысын төлеу

7. Маңғыстау облысының денсаулық сақтау департаменті:

1) Маңғыстау облысында тұратын, Қазақстан Республикасының ауру азаматына, көрсеткен темір жол билеттерінің негізінде, емдеу орнына дейінгі және кері темір жолмен жүрудің жол ақысын төлейді; ауруға берілетін жолдама құжатта, алып жүруді қажет ету жөніндегі қорытынды болған жағдайда, ауруды алып жүретін азаматтың жол ақысын т ө л е й д і ;

шұғыл жағдайларда, бөлінген қаражат шегінде, дәрігерлік-кеңестік комиссияның қорытындысы болған жағдайда, ауруды алып жүретін азаматтың жол ақысы авиакөліктің бағасымен төлеуге жол беріледі;

8. Еңбекке жарамсыздық бетшелері "Еңбекке жарамсыздық бетшелерін беру Ережелеріне" сәйкес, орталық уәкілетті денсаулық сақтау органымен беріледі.

9. Ауру мен алып жүретін азаматтың жол ақысын төлеуді жүзеге асыру үшін облыстың денсаулық сақтау департаменті жолдаманың негізінде мыналарды т ү з і п ж а с а й д ы :

аурудың не алып жүретін азаматтың банктегі жеке шотына қаражат түсіруге
арналған тізімдер ;

2) шұғыл жағдайларда, банк бөлімдері немесе пошта бөлімдері жоқ ауылдық мекендерде тұратын азаматтарға, қолма-қол қаражаттарын пайдалануына рұқсат етіледі .

10. Аванстық төлеммен бір жағына жол жүру ақысын төлеуге рұқсат етіледі.

11. Қаржы департаменті тиісті бағдарлама бойынша облыс бюджетін қаржыландыру жоспарына сәйкес, аурулардың жол ақысын төлеу үшін, бағдарлама әкімшісі - облыстық денсаулық сақтау департаментіне қаражат аударлады .

12. Облыстың денсаулық сақтау департаменті түскен қаражатты төлем тапсырысымен аурудың (алып жүретін азаматтың) жеке шотына аударады.

13. 9 тармақтың 2 тармақшасында көрсетілген жағдайларда ауруларға (алып жүретін азаматтарға) қолма-қол қаражат беріледі.

3. Жауапкершілік

14. Кеңес алуға, тексерілуге немесе емделуге жолданған аурулар, артық төлеуге әкелген мән-жайларды жасырып қалған жағдайда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауаптылық артады.

4. Бақылау

15. Аурудың және алып жүретін адамның жол ақысын төлеуге бақылауды Маңғыстау облысының денсаулық сақтау департаменті мен қаржы департаменті жүзеге асырады.